bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ**

# Қаратпа сөз және оның тыныс белгісі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 04.12.2020 | https://bilimger.kz/86417/ |

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | **«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен».** | |
| Педагогтің аты-жөні | **Смаханова Арайлым Бакытековна** | |
| Күні: | 01.10.2020ж | |
| Сынып: 3 «Ә» | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | ***Қаратпа сөз және оның тыныс белгісі*** | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.3.7.1 қаратпа сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою;<br>3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау. | |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар: мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын және негізгі ойын анықтай алады;<br>Көптеген оқушылар: қаратпа сөздерді ажырата алады.<br>Кейбір оқушылар: Өз бетімен қаратпа сөздерді тауып, тыныс белгілерін дұрыс қою туралы қорытынды жасап, түсіндіре алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>7 минут | Психологиялық ахуалын қалыптастыру<br><br>1. «Көркем жазу» минуты<br><br>2. **“Бұл жауабы болса, онда сұрағы қандай болады?” әдісі арқылы оқушыларға жауабын ұсындым.** | Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аударады<br>Тақтада берілген сөздерді көркем етіп жазады.<br><br>Оқушылар берілген сөздерге сұрақ құрастырады | Өзін – өзі бағалау<br><br>Кері байланыс | Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.<br>слайд |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>28 минут</td>
<td>3. Рөлдік ойын: «Тыңдашы мені»<br>Өз ісімен шұғылданып отырған кісіні қалай өзіне қаратуға болады?<br>1 минут уақыт беріледі.<br><br>— Қарата алдың ба?<br>— Не дедің? Қай сөз саған қарауыңа себеп болды?<br><br>4. “Сөздерді зерттеу” әдісі.<br>Балақай, гүлдерді жұлма!<br>Егін басына барғың келе ме, Дәурен?<br>Биыл егін жинау науқанын, Дархан,сәтті аяқтай аламыз ба?<br><br>— Қарамен жазылған сөздер қандай сөздер?<br>— Қаратпа сөздер қандай қызмет атқарып тұр?<br>— Қаратпа сөз сөйлемнің қай жерінде тұр?<br>— Үтір неліктен қойылады?<br><br>5. Мәтінмен жұмыс..<br>Мәтінді мұқият тыңда.<br><br>Мәтінді оқып бердім.<br>Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою.<br>v Мәтін не туралы ?<br>v Мәтінге қандай ат қоюға болады?<br>v Мәтіндегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді оқыңдаршы?<br>v Мәтіннен қаратпа сөзді табайықшы<br>v Қаратпа сөз сөйлемнің қай жерінде кездесіп тұр?<br><br>6. «Сөйлемді жетілдір» әдісі<br><br><br>Жіберші, маған, көмектесіп.<br>Ертегі, айтып беріңізші.<br>Иә, саяхатқа, шығыңдар, сенбі күні.</td>
<td>Тақтаның алдындағы оқушының назарын аударып, өзіне қаратады.<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Берілген сөйлемдерді дәптерге жазып, қарамен жазылған сөздерге назар аударады. Жетелеуші сұрақтарға жауап бере отырып, ережені өздері шығарып, қаратпа сөзде қолданылатын тыныс белгіні де өздері анықтап шығады.<br><br><br><br>Мәтінді мұқият тыңдап, мәтін мазмұны бойынша қойған сұрақтарға жауап бере отырып, мәтіннің тақырыбын және негізгі ойын анықтайды.<br><br><br><br><br><br><br>Сөйлемді қаратпа сөздермен толықтырып, шашыраңқы берілген сөздерден сөйлем құрап жазады.</td>
<td>Мадақтау<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Критерийлер арқылы бірін – бірі бағалау<br>v Сөйлемде қаратпа сөздерді қолданғаны дұрыс па?<br>v Тыныс белгілерін дұрыс қойған ба?<br>v Қатесіз жазған ба?</td>
<td>Оқулық, слайд<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Өзіндік жұмыс тапсырмасы</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>5 минут</td>
<td>«Сұрақ – жауап» әдісі<br>кері байланыс<br>• Қаратпа сөздер қандай мақсатта айтылады?<br>• Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, тыныс белгі қалай қойылады?<br>• Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында келсе, тыныс белгі қалай қойылады?<br>• Қаратпа сөз сөйлемнің соңында келсе, тыныс белгі қалай қойылады?<br>• Қаратпа сөзі бар сөйлем айтшы.<br><br><br>Үй тапсырмасы<br>5 сөйлем жазып келу. Сөйлем құрамында қаратпа сөз болуы шарт.<br><br>Рефлексия<br>Бағалау парақшасы<br>Мақсаты: оқушылардың сабақта алған білім, білігін бағалау.<br><br>
<table>
<tr><th>Критерийлер</th><th>Үйрендім</th><th>Сенімді емеспін</th></tr>
<tr><td>Қаратпа сөздерді ажыратамын</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Тыныс белгілерін дұрыс қоя аламын</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мәтіннің тақырыбын анықтаймын</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мәтіннен негізгі ойды анықтай аламын</td><td></td><td></td></tr>
</table></td>
<td>Оқушылар сұрақтар жауап бере отырып, бүгінгі сабақта алған білімдерін тиянақтайды.</td>
<td>Өзін – өзі бағалау</td>
<td>Сұрақтар жазылған кеспе қағаздар<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Бағалау парақшасы</td>
</tr>
</table>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.